

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ
БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-
ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

**«ДАМУЫНДА АУЫР ЖӘНЕ КӨПТҮРЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР
БАЛАЛАРҒА ДАМУШЫ КҮТІМ КӨРСЕТУДІҢ НЕГІЗДЕРІ» атты**
(стационарлық (жартылай стационарлық) типтегі ұйымдардың тәрбиешілеріне,
сондай-ақ арнайы мектепке дейінгі ұйымдардың, оңалту орталықтарының және
психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің тәрбиешілеріне арналған)
**біліктілікті арттыру курстарының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2026

1. Жалпы ережелер

Азаматтардың ең осал санаттарының бірі ретінде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау – Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі, оның басты міндеті – осы адамдардың өмірінің барлық саласын ізгілендіру.

2002 жылғы шілдеде қабылданған «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заң елдегі мүгедектігі бар адамдардың жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болды. Аталған заң балалардың құқығын қорғау және мүдделерін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындап, барлық санаттағы балаларға әлеуметтік және құқықтық кепілдікті қамтамасыз етуге арналған кешенді шаралар жүйесін белгіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оңалту әлеуметтік қорғаудың бір элементі ретінде медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар кешенін қамтиды. Бұл шаралар ағзаның бұзылған немесе жоғалған функцияларын қалпына келтіруге және орнын толтыруға бағытталған, балалардың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беріп, олардың құқығы мен әлеуетті мүмкіндігін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Алайда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жағдайы әлі де көңіл көншітпейді. Әсіресе, әдетте интернат типіндегі әлеуметтік қорғау ұйымдарында тәрбиеленетін дамуында ауыр және көптүрлі бұзылысы бар (ДАКБ) балалар туралы сөз болғанда, бұл мәселе аса өзекті болып отыр.

Балаларға көрсетілетін күтім санитарлық-гигиеналық және медициналық рәсімдермен, тамақтандырумен, тұрмыстық манипуляциялармен ғана шектеледі. Бала осындай ұйымда болған кезінде түзете-оқыта дамыту басым бағыт ретінде қарастырылмайды.

Әлеуметтік қорғау және арнайы педагогика салаларында жұмыс істейтін мамандар арасында жүргізілген сауалнамалар мен жан-жақты сұхбаттар мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғауға қатысты қабылданған елеулі нормативтік-құқықтық реформаларға қарамастан, ең ауыр психикалық, қимыл-қозғалыс және басқа да бұзылыстары бар балаларға қолжетімді оқу барысын ұйымдастыру, өмірлік маңызы бар білік пен дағдыларды қалыптастыру мәселелері әлі де өзекті екенін көрсетті. Бұл балалардың дамуында нақты мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіретін проблемалар сақталуда.

Әлеуметтік қорғау ұйымдарының педагогтері арасында жүргізілген сауалнаманы талдау нәтижесі дамуында ауыр және көптүрлі бұзылыстары бар балаларды оқытуға қажетті техникалық мүмкіндіктер болғанымен, педагогтердің білімінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Себебі төсек тартып жатқан балаларға көрсетілетін күтім көбіне тұрмыстық әрекеттермен және кейде ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулармен ғана шектеледі. Балаларға тікелей күтім жасайтын тәрбиешілерге, күтушілерге және басқа да мамандарға арналған арнайы курстар ұйымдастыру қажет.

Педагогтердің пікірінше, мұндай балалардың құқықтары басқа құрдастарымен тең дәрежеде сақталып, еркіндігін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік берілуі керек. Ол үшін педагогтер кәсіби күтім көрсету дағдыларын меңгеріп, балалардың дамуына ықпал ететін біліктерге ие болу қажет.

Дамуында ауыр және көптүрлі бұзылысы бар баланың құқығы мен еркіндігі оған күнделікті көрсетілетін қолдау жүйесінің көлемі мен сапасына тікелей байланысты. Мұндай баланы үй жағдайында да, әлеуметтік ұйымдарда да сүйемелдеу елеулі ресурстарды және арнайы білімді талап етеді.

«Дамуында ауыр және көптүрлі бұзылысы бар балаларға дамытушы күтім көрсету жүйесі» тақырыбындағы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыратын тәрбиешілерге, арнайы мектепке дейінгі ұйымдардың, оңалту орталықтарының (бұдан әрі – ОО) және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің (бұдан әрі – ППТК), әлеуметтік қорғау жүйесі ұйымдарының тәрбиешілерін оқытуға арналған.

1. «Дамуында ауыр және көптүрлі бұзылысы бар балаларға дамытушы күтім көрсету жүйесі» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және әлеуметтік қорғау ұйымдарында қызмет атқаратын тәрбиешілерді дәстүрлі аудиториялық форматта оқытуды регламенттейді.

2. Білім беру бағдарламасы дамытушы күтімнің заманауи технологиялары мен тәрбие тәжірибесі негізінде тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған.

3. Өкінішке қарай, елімізде дамуында ауыр және көптүрлі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге арналған мамандарды даярлау іс жүзінде жоқтың қасы. Алайда мұндай балаларды жеке және тіпті топтық сүйемелдеудің белгілі бір тәжірибесі бар. Бұл тәжірибе олардың ерекшелігіне мұқият назар аударумен қатар, міндетті түрде сезімдеріне құрмет танытып, оларды түсінуді үйренгенде балалардың жай-күйінің едәуір жақсаратынын көрсетті.

2. Глоссарий

3. Ұғым	Ұғымның анықтамасы
Абдуктор	– аяқтардың бір-біріне жақындасуына жол бермейтін, олардың арасында орналастырылатын шектегіш. Ол арбаларға, ортопедиялық креслолар мен орындықтарға, шомылуға арналған тіректерге, санитарлық креслоларға және басқа да құралдарға орнатылуы мүмкін

Адаптивті дене тәрбиесі (АДТ)	мүмкіндігі шектеулі адамдарды оңалтуға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге бағытталған спорттық-сауықтыру сипатындағы шаралар кешені.
Артикуляциялық аппарат	сөйлеу дыбыстары мен дауыстың шығуына қатысатын, көмей, дауыс қатпарлары, тіл, жұмсақ және қатты таңдай (ауыз-жұтқыншақ), жоғарғы және төменгі жақтың тістері, еріндер, мұрын-жұтқыншақ және резонаторлық қуыстарды қамтитын анатомиялық-физиологиялық мүшелер жүйесі.
Аутоагрессия	қандай да бір себептермен жауласу әрекеттері тітіркендіргіш объектіге бағыттала алмай, адамның өзіне қарсы бағытталатын жағдайдағы агрессивті мінез-құлықтың бір түрі.
Әлемге деген базалық сенім	әлеуметтік ғылымдарға Э. Эриксон енгізген ұғым. Оның көзқарасы бойынша, базалық сенім баланың өмірінің алғашқы бірнеше жылында (әртүрлі зерттеушілер бұл кезеңнің ұзақтығын бір жастан үш жасқа дейін әрқалай анықтайды), анасымен немесе қамқоршы басқа жақын адаммен байланыс «үзілмеген» жағдайда және сәби өзін сүйікті сезінгенде қалыптасады. Бала ересектерге қарап қоршаған әлемге сенім артады. Туған сәттен бастап-ақ бала өзіне маңызды жақын адамның әрдайым қасында болатынын және көмекке шақырса, міндетті түрде келетінін біліп, сол адамға сенім артады. Э. Эриксонның пікірінше, жақын ересектің қамқорлығының арқасында «баланың бойында «бәрі жақсы» деген сезімнің негізі қаланады; тұлғалық үйлесім сезімі қалыптасып, болашақта кім болатынына әсер етеді».
Жақын ересек адам	баламен арасында байланыс (бауыр басу) қатынастары қалыптасқан ересек адам.
Вокализация	1. дыбыстарды шығару үшін дауыс аппаратын пайдалану. Бұған адамдар (ересектер немесе нәрестелер) шығаратын

	тілге ұқсас және ұқсамайтын барлық дыбыс түрлері, сондай-ақ басқа тірі ағзалардан шығатын дыбыстар жатады. 2. Арнайы мағынасы – тілдің нағыз құрамдас бөлігіне кірмейтін, мысалы, нәрестелердің былдыры сияқты, <i>Homo sapiens</i> өкілдері шығаратын дыбыстар.
Екіншілік асқынулар	мүгедектікке әкелген бастапқы бұзылыстарға қатысты кейіннен пайда болатын бұзылыстар.
Жамбас-сан буынының шығуы	сан сүйегі басының буындық беттерінің жамбас және ұршық ойығынан ажырауы.
«Үйретілген дәрменсіздік»	адамның пассивті, бейімделмеген мінез-құлқына байланысты құбылыс.
Гиперкинездер	эртүрлі бұлшықет топтарында кенеттен пайда болатын, еріксіз, бақылауға көнбейтін патологиялық қимыл-қозғалыстар.
Қимыл-қозғалыс депривациясы	қимыл-қозғалыстың шектелуі нәтижесінде (жарақат, ауру немесе басқа жағдайларда) пайда болатын күй.
Депривация	өмірлік жағдайлардың әсерінен, субъектінің кейбір негізгі (өмірлік маңызды) психикалық қажеттіліктерін жеткілікті деңгейде және ұзақ уақыт бойы қанағаттандыру мүмкіндігі болмаған кезде туындайтын психикалық күй.
Қолжетімді орта	ғимаратқа физикалық тұрғыдан қолжетімділікті және оның ішінде еркін қозғалу мүмкіндігін ұйымдастыру.
Өмірлік құзыреттер	адамның күнделікті өмірде қажет ететін білімдері, іскерліктері мен дағдылары.
Ирригатор	су немесе дәрілік ерітінді ағыны арқылы ауыз қуысының қолжетімсіз аймақтарынан да тағам қалдықтары мен тіс қақтарын шайып кетіретін құрылғы.
Когнитивтік депривация	ақпараттың жеткіліксіздігі салдарынан туындайтын және қоршаған әлемнің барабар модельдерін қалыптастыруға кедергі келтіретін күй.
Коммуникация	(лат. <i>communicatio</i> – жеткізу, хабарлау) – өзара әрекеттесу үдерісіне қатысушылардың бірлескен қызметі; осы үдеріс барысында заттар мен олармен жасалатын әрекеттерге

	қатысты ортақ (белгілі бір шекке дейін) көзқарас қалыптасады. Яғни коммуникация – ақпарат алмасуға қызмет ететін және қоғам өмірінің негізгі тіректерінің бірі.
Кешенді ықпал ету	ортақ мақсатқа жету үшін әртүрлі әдістерді қолданатын мамандар тобының ұйымдастырылған әрі келісілген ықпалы.
Контрактура	буындағы қозғалыстың тұрақты түрде шектелуі.
Нибблер	баланың тұншығып қалуына жол бермей жаңа дәмдерді (жемістер, жидектер) татып көруіне мүмкіндік беретін құрал. Ол тағам салынатын торшадан, торшаны берік ұстап тұратын сақинадан және тұтқадан тұрады.
Өмірлік қызметтің шектелуі	адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше қозғалу, бағдарлану, қарым-қатынас жасау, өз мінез-құлқын бақылау, білім алу және еңбек қызметімен айналысу қабілеті мен мүмкіндігінің толық немесе ішінара жоғалуы.
Шомылуға арналған тірек	қимыл-қозғалысы бұзылған адамдарға ваннада немесе душта жуынуға көмектесетін оңалтуға арналған техникалық құрал. Шомылуға арналған тіректер адамның денесін отырып немесе жартылай жатқан қалыпта ұстап тұруға мүмкіндік береді. Әдетте олар сырғып кету мен құлап қалудың алдын алатын белдіктермен, сондай-ақ қалыпта ұстап тұруға арналған құрылғылармен (бас тірегі, абдуктор) жабдықталады.
Тірек-қимыл аппараты	сүйектерден, буындардан, байламдардан, бұлшықеттерден және олардың жүйкелік құрылымдарынан тұратын біртұтас сүйек-бұлшықет жүйесі; ол денеге тірек болып, адамның кеңістікте қозғалуын, сондай-ақ дене бөліктерінің (бас, аяқ-қол және т.б.) қозғалысын қамтамасыз етеді.
Ортез	зақымданған буынның немесе аяқ-қолдың қызметін жеңілдетуге, бекітуге, қозғалысты белгілі бір бағытта шектеуге, белсендіруге және түзетуге арналған сыртқы медициналық құрал.

Жамбас-сан буынының жартылай шығуы	сан сүйегі басының жамбас сүйегіндегі ұршық ойықтан ішінара ығысуы (дислокациясы).
Көтергіш	мүгедектігі бар адамдарды орын ауыстыруға арналған құрылғы. Арбадан төсекке, ваннаға, автокөлікке отырғызуға, сондай-ақ бір бөлмеден екіншісіне ауыстыруға және баспалдақпен көтеруге арналған түрлері бар.
Позициялау	қимыл-қозғалысы бұзылған адамның екіншілік асқынуларының алдын алатын қауіпсіз қалыптарды және оларды ауыстыру режимін таңдау.
Бауыр басу	бала мен оған негізгі қамқорлық көрсететін адам арасындағы эмоциялық байланыс. Бауыр басу, әдетте, нәрестелік кезеңде қалыптасады, алайда ол адамның дамуына және өмір сапасына кейінгі жас кезеңдерінде де ықпал етеді.
Психикалық өзін-өзі реттеу	субъектінің мінез-құлқын немесе іс-әрекетін басқару, сондай-ақ оның қазіргі физикалық және эмоциялық күйін бақылау.
Дамытушы күтім	сөйлеуінде ауыр бұзылыстары бар балаларға арналған күтім әдісі; бұл үдерісте күтім көрсетуші тікелей күтім жасаумен қатар, эмоциялық қарым-қатынас орнатып, қамқорлықтағы баланың қабілеті мен мүмкіндіктерін дамытуы қажет. Атап айтқанда, кәмелетке толмаған баланың өзіндік белсенділігін, коммуникативтік қабілеттерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту көзделеді, бұл өз кезегінде туыстар мен мекеме персоналы тарапынан көрсетілетін көмекті біртіндеп қысқартуға және баланың өмір сапасын арттыруға бағытталған.
Сенсорлық депривация	«жұтаң ортада», яғни адам жеткілікті мөлшерде көру, есту, сипап-сезу және басқа да тітіркендіргіштерді алмайтын ортада өмір сүрудің нәтижесінде пайда болатын күй. Мұндай орта баланың дамуын сүйемелдеуі мүмкін, сондай-ақ ересек адамның өмірлік жағдайларында да орын алуы ықтимал.

Сколиоз	омыртқа жотасының қисаюы.
Әлеуметтік депривация	қандай да бір себептермен қоғамнан оқшауланған немесе басқа адамдармен байланысы шектеулі адамдарда пайда болатын күй.
Әлеуметтік интеграция	ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы немесе ересек адамды әлеуметтік қатынастар мен өзара әрекеттесулердің жалпы жүйесіне бейімдеуге, сондай-ақ қоғамды ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамның мұқтаждықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес қайта құруға бағытталған екіжақты үдеріс. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік интеграциялау көбінесе баланы білім беру ортасына енгізу және ол кірігетін ортаны өзгертуге бағытталған екіжақты үдеріс ретінде түсіндіріледі.
Спастика	бұлшықет тонусының жоғарылауы, бұлшықеттердің кернеулі күйі.
Оңалтуға арналған техникалық құралдар (ОТҚ)	мүгедектігі бар және өмірлік қызметі шектеулі адамдардың күнделікті өмірін жеңілдетуге арналған құралдардың жалпы атауы.
Тремор	тұлға немесе аяқ-қол бұлшықеттерінің еріксіз сипаттағы ырғақты, жылдам жиырылулары.

3. Бағдарламаның тақырыбы:

1-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері.

2-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

3-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар баланың дамуына қажетті өмірлік маңызы бар қажеттіліктер.

4-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балаларға дамытушы күтімді ұйымдастыру.

5-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балаларды отбасында тәрбиелеу.

6-тақырып. Дамытушы күтімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құралдар мен технологиялар.

7-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балаларда коммуникациялық қабілетті қалыптастыру.

8-тақырып. Күнделікті қимыл-қозғалыс белсенділігі. Тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру.

9-тақырып. Бейімдеу бағдарламасы (жеке дамытушы бағдарлама) – жеке дамытушы маршрутты қалыптастыру тәсілі.

4. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) Нормативтік-құқықтық модуль;
- 2) Психологиялық-педагогикалық модуль;
- 3) Мазмұндық модуль;
- 4) Технологиялық модуль.
- 5) Вариативті модуль.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық

1-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері. Бұл модульде ауыр және көптүрлі даму бұзылысы бар балаларға арналған түзету-дамыту үдерісін ұйымдастырудың негіздері қарастырылады.

– Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қорғау жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары;

– Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заң;

– халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы (2019 ж.) және басқа да нормативтік-құқықтық актілер.

2-модуль. Психологиялық-педагогикалық

2-тақырып. Дамуында ауыр және көп түрлі бұзылысы бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

Физикалық (соматикалық) даму ерекшеліктері; заттық-практикалық іс-әрекетінің дамуы; сөйлеу тілі мен қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуы; өзіне-өзі қызмет етуі; әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлануы; эмоциялық дамуы.

3-тақырып. Дамуында ауыр және көп түрлі бұзылысы бар баланың дамуындағы өмірлік маңызды қажеттіліктер

танымдық қажеттіліктер; қимыл-қозғалыс қажеттіліктері; сенсорлық қажеттіліктер; әлеуметтік қажеттіліктер.

Баланың дамуына оңтайлы орта ұйымдастыру

стресс тудыратын орта; қолайлы (жайлы) орта; дамытушы орта;

кеңістікті және жабдықтарды ұйымдастыру.

3-модуль. Мазмұндық

4-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балаларға дамытушы күтімді ұйымдастыру.

Дамытушы күтімді жоспарлау және оның мазмұны. Баланың денесін дұрыс қалыпта ұстау және қозғалту, орнын ауыстыру. Күні бойы базалық дене жүктемесін жасау. Қимыл-қозғалыс белсенділігін ынталандыру тәсілдері. Екіншілік бұзылыстардың алдын алу.

5-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балаларды отбасында тәрбиелеу.

Педагогтер, ата-аналар және мамандардың дамытушы күтім көрсетудегі өзара ынтымақтастығы

6-тақырып. Дамытушы күтімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құралдар мен технологиялар.

Баламалы және қосымша коммуникация (БҚК) технологиялары; пиктограммалар, символдар және визуалды қолдау; сенсорлық технологиялар; сенсорлық бөлмелер мен демалыс (релаксация) аймақтары; сенсорлық қораптар мен жиынтықтар; қимыл-қозғалыс және оңалту технологиялары; адаптивті дене тәрбиесі; позициялау құралдары; кинезиологиялық стимуляция технологиялары; әлеуметтік-тұрмыстық дамытудың технологиялары; эмоциялық-коммуникативтік дамытудың технологиялары; арт-терапия технологиялары; күнделікті жағдайларды педагогикалық маңызын арттыру технологиялары.

4-модуль. Технологиялық

7-тақырып. Ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балалардың коммуникациялық дағдыларын қалыптастыру

Коммуникация дағдыларын қалыптастыру.

Бауыр басу қатынастарының қалыптасу ерекшеліктері.

8-тақырып. Күнделікті қимыл-қозғалыс белсенділігі. Тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру.

Баланы тамақтандыру және өз бетінше тамақтану дағдыларын қалыптастыру.

Сұйықтықты дұрыс ішу дағдыларын қалыптастыру.

Киіну және шешіну дағдыларын қалыптастыру.

Гигиеналық күтім дағдыларын қалыптастыру (жуыну, шомылу, дәретхана).

9-тақырып. Бейімдеу бағдарламасы (жеке дамытушы бағдарлама) – жеке дамытушы маршрутты қалыптастыру тәсілі.

5-модуль. Вариативтік

Тақырып тыңдаушыларға кіріспе сауалнама жүргізу арқылы анықталады.

Курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне сәйкес вариативтік модульдің көлемі 2 сағаттан 6 сағатқа дейін өзгеруі мүмкін.

5. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балаларға арналған дамытушы күтімді құру қағидаттары туралы білімді меңгеру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) арнайы ұйымдардағы тәрбиешінің ролін, сондай-ақ өзін-өзі жеке және кәсіби жетілдірудің маңызын түсіндіру;
- 2) зиятында ауыр бұзылыстары бар баланың психофизикалық дамуының ерекшеліктері саласында негізгі (түйінді) құзыреттерді қалыптастыру;
- 3) балалардың дамуына, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ықпал ететін, баланың эмоциялық саулығын қолдайтын психологиялық тұрғыдан жайлы және түзете-білім беру ортасының мәні туралы түсініктерін дамыту;
- 4) тәрбиешілерді ауыр даму бұзылыстары бар баланың физикалық, сенсорлық, қимыл-қозғалыс және танымдық дамуын қамтамасыз ететін теориялық білімдермен және практикалық әдістемелермен меңгерту;
- 5) дамытушы күтімді құрудың қағидаттары мен мазмұнын ашу.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Әлеуметтік қорғау ұйымдарында, сондай-ақ түзету орталықтарында ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балалармен жұмысты ұйымдастыруға арналған әдістемелік негізді қалыптастыру.

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- 1)
 - қазіргі заманғы тәрбиешінің ролі мен миссиясының мәнін;
 - арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен оңалту орталықтары қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктерін;
 - ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін;
 - ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар бала үшін оңтайлы ортаны құрудың ерекшеліктерін;
 - баламен өзара әрекеттесудің негізгі қағидалары мен ережелерін біледі.

2)

– тұрмыстық жағдайларда баланың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ете алады;

– баланың беретін сигналдарына адекватты түрде жауап бере алады;

– әрбір баланың дамуындағы жеке-типологиялық ерекшеліктерге сәйкес дамытушы күтім мен түзете-дамыту жұмысына байланысты іс-әрекеттерді жоспарлай алады;

– психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, түзете-дамыта оқыту технологияларын, сондай-ақ жеке даму бағдарламасын құрастыруды қолданады;

– ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар бала үшін оңтайлы педагогикалық маршрутты жобалай алады.

2)

– ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін түсіну саласындағы тәрбиешінің негізгі құзыреттерін;

– баланың өмірлік дағдыларын дамытуға байланысты мотивациялық дайындығын ынталандыруға арналған тәсілдер мен жаттығуларды, сондай-ақ ауыр және көптүрлі даму бұзылыстары бар баламен коммуникация дағдыларын;

– тұрмыстық жағдайларды білім, іскерлік және дағдыларды қалыптастыру нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында пайдалану әдістерін меңгереді.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары келесі режимдерде ұйымдастырылады:

1) күндізгі оқыту – курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі оқыту режимінде өткізіледі. Оқу ұзақтығы – 80 сағат. Күндізгі курс ұйымдастырылған жағдайда ОТЖ-дағы сағат саны 2 есе қысқартылады, алайда тақырыптар мен сабақ өткізу формалары өзгеріссіз қалады;

2) аралас оқыту – курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес 2 кезеңде жүзеге асырылады: қашықтан оқыту – 24 сағат, күндізгі оқыту – 56 сағат.

Күндізгі және аралас оқыту режимдерінде оқу үдерісін ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында келесі жұмыстар жүргізіледі: өзіндік жұмыс, жоба қорғау, қорытынды тестілеу. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жобалық жұмыстардың тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Тыңдаушыларға оқу материалын алдын ала меңгеру, білім беру бағдарламасының жекелеген блоктарын өз бетінше игеру немесе күндізгі оқыту барысында өтілген материалды бекіту үшін қосымша материалдар ұсынылады.

Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру мақсатында мыналар көзделеді: топтарда кеңінен жұмыс істеу, кейінгі талқылау және рефлексия жүргізу; құжаттамамен жұмыс; теорияның негізгі мәселелерін шағын топтарда талқылау және ұжымдық жұмыстарды кейіннен таныстыру (презентациялау).

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі нақты бір оқу пәнін оқытуды қамтамасыз ететін оқу және оқу-әдістемелік мәтіндік материалдардың, бейнематериалдардың, сондай-ақ компьютерлік бағдарламалар мен деректер базаларының жиынтығын (жүйесін) қамтиды. Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің құрылымына мыналар кіреді:

- 1) оқу және әдістемелік құралдар (ғылыми, арнаулы, әдістемелік әдебиеттер);
- 2) модульдік қағидат бойынша құрылған лекциялардың электрондық конспектісі;
- 3) практикалық және өзіндік сабақтарға арналған материалдар;
- 4) қорытынды бақылауды ұйымдастыруға арналған материалдар (тест түріндегі емтихан тапсырмалары);
- 5) презентациялар түріндегі демонстрациялық материалдар;
- 6) бейнесабақтар;
- 7) мультимедиялық құралдар мен компьютерлік бағдарламалар;
- 8) интернет-ресурстар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау: өзіндік жұмыс (онлайн оқыту кезінде) және қорытынды тестілеу.

Өзіндік жұмыс.

Өзіндік жұмыс барысында тыңдаушылар баланы зерделеуге, оның жеке психологиялық даму ерекшеліктерін анықтауға және алынған деректерді талдау негізінде жұмыс жоспарын құруға бағытталған жеке тапсырманы орындайды.

ТӨЖ (тыңдаушылардың өзіндік жұмысы) тапсырмасын:

- тыңдаушы өз бетімен орындалуы;
- қарастырылатын мәселелерде автордың жеткілікті кәсіби құзыреттілігін көрсетуі;
- практикалық бағыттылығы мен маңыздылығы болуы тиіс.

Білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін төмендегі өлшемдер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын меңгеру деңгейі;
- 2) практикалық тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімді қолдану;
- 3) ұсынылған материалдың практикалық маңыздылығы;
- 4) мәселені негіздеу деңгейі, мазмұнның толықтығы мен тұжырымдардың нақтылығы;

5) жұмыстың талаптарға сай рәсімделуі.

Өзіндік жұмыс нәтижелері бойынша тыңдаушылардың білімін бағалаудың балдық жүйесін үш деңгейлі бағалау жүйесіне ауыстыру арқылы бағаланады:

«Өте жақсы» – 9–10 балл (85–100%);

«Жақсы» – 7–8 балл (75–84%);

«Қанағаттанарлық» – 5–6 балл (50–74%).

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау біліктілікті арттыру курстары аяқталғаннан кейін үш жыл бойы қашықтан консультациялар (электрондық пошта, ұялы байланыс, әлеуметтік желілер арқылы) және тәжірибе алмасу түрінде жүзеге асырылады.

Педагогтердің курстан кейінгі қызметін қолдау бойынша мониторинг олардың өздігінен орындаған жұмыстары мен кәсіби дамуының нәтижелері туралы ұсынған есептерін талдау негізінде жылына бір рет (үш жыл бойы) жүргізіледі.

Мониторинг нәтижелері бойынша Біліктілікті арттыру бағдарламасына тиісті түзетулер енгізіледі.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы Заң

2. Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты

3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы (2019)

4. Али М. Мой ребенок в первый год жизни: недоношенный, с задержкой развития, с нарушениями? Или просто другой? Отвечая на вопросы родителей. – СПб.: Скифия, 2017.

5. Бакк А., Грюневальд К. Забота и уход. Книга о людях с задержкой умственного развития. [пер. со швед.] / под ред. Ю. Колесовой. – СПб: ИРАВ, 2020.

6. Банди А., Лэйн Ш., Мюррей Э. Сенсорная интеграция. Теория и практика. – М.: Теревинф, 2021.

7. Басилова Т. А., Александрова Н.А. Как помочь малышу со сложным нарушением развития: пособие для родителей. – М.: Просвещение, 2020.

8. Бгажнокова И.М. Воспитание и обучение детей и подростков с тяжелыми и множественными нарушениями развития: Программно-методические материалы. – М.: ВЛАДОС, 2019.

9. Бейкер Б.Л., Брайтман А.Дж. Путь к независимости: обучение детей с особенностями развития бытовым навыкам. – М., 2019.
10. Беркович М. Нестрашный мир. – М.: Теревинф, 2021.
11. Беркович М. Простые вещи. Как устанавливать контакт с людьми, имеющими тяжелые множественные нарушения развития. – СПб.: Скифия, 2021.
12. Блюмина М.Г. Распространенность, этиология и некоторые особенности клинических проявлений сложных дефектов // Дефектология. – 1989. – № 3. – С. 3–10.
13. Бриш К. Терапия нарушений привязанности: От теории к практике. – М.: Когито-Центр, 2020.
14. Виноградова А.Л., Константинова И.С., Цыганок А.А. Развитие базовых познавательных функций с помощью адаптивно-игровых занятий. – М.: Теревинф, 2024.
15. Воспитание и обучение детей в условиях домов-интернатов: пособие для педагогов / ред. Т.В. Лисовская. – Минск: НИО, 2025.
16. Галигузова Л.Н., Мещерякова С.Ю., Царегородцева Л.М. Психологические аспекты воспитания детей в домах ребенка и детских домах // Вопросы психологии. – 1990. – № 6. – С. 17–25.
17. Головчиц Л.А. К проблеме терминологии: «сложные, множественные, комплексные...» нарушения развития // Дефектология. – 2011. – № 3. – С. 3–11.
18. Головчиц Л.А. Дошкольное воспитание и обучение детей с комплексными нарушениями. «ЛОГОМАГ».
19. Сулейменова Р.А., Ильмуратова Г.А. Психолого-педагогическое обследование (командная оценка) детей с ограниченными возможностями. Алматы 2025
20. Сулейменова Р.А., Жалмухамедова А.К. Родительские опросники KIDS (Kent Inventory of Development Skills) и CDI (Child Development Inventory) Алматы 2025
21. Коллектив авторов. Воспитание и обучение детей и подростков с тяжелыми и множественными нарушениями развития Владос; М.; 2022 ISBN 978-5-691-01566-3
22. Катаева А.А., Стребелева Е.А. Дошкольная олигофренопедагогика: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. ВЛАДОС, 2025. — 208 с.
23. Дети со сложными нарушениями развития. Психофизиологические исследования. Морозова Л.Г, Бернадская М.А, Костина Т., Толстова В., Рожкова Л, Алиева З., Фильчикова Л, Благодсконова Н.. Год издания: 2021 Издательство: Экзамен
24. Формирование мышления у детей с отклонениями в развитии. Книга для педагога-дефектолога. Стребелева Е.А.. Издательство Владос 2022.
25. Коррекционная педагогика с основами нейро- и патопсихологии. В.М. Астапов. Издательство Юрайт. 2025
26. Дошкольное воспитание и обучение детей с комплексными нарушениями. Головчиц Л.А.. Издательство Владос. 2024

27. Практические рекомендации для специалистов и родителей по воспитанию, развитию и коррекции детей. Жихарева Ю.Б.. Издательство Владос. 2021

28. И.Н. Галасюк Т.В. Шинина. Основы коррекционной педагогики и коррекционной психологии. Кураторство семьи особенного ребенка. Издательство Юрайт. 2025

29. Лечебная педагогика в дошкольной дефектологии. Под редакцией Н.В. Микляевой. Издательство Юрайт. 2025.

Қосымша әдебиет:

1. Развивающий уход за детьми с тяжелыми и множественными нарушениями развития. Под редакцией А.Л. Битовой, директора РБОО «Центр лечебной педагогики», О.С. Бояршиновой, М 2018

2. Методические аспекты обучения и воспитания детей с особенностями психофизического развития; Пособие для педагогов учреждений общего среднего и специального образования под редакцией О. С. Хруль, Е. В. Рахмановой - Минск НИО 2021

3. Коршикова-Морозова А. Е., Савва Н. Н., Коваленок О. В. Как избежать осложнений неизлечимой болезни у ребенка; Рекомендации по паллиативному уходу. М 2019